# МИНИСТР ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ



Сарқылмасын Сыр - Ана!

Ақмешіт ақшамы

№49 (1752) 5 желтоқсан 2024 жыл Сәрсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келген Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге Сол жағалаудағы жеті қабатты 6 тұрғын үйдің құрылысымен танысып, бас мердігерлер - «Аман құрылыс», «Орион ЛТД», «Риголит», «ПромстройсервисЕ», «Абу-Сер», авторлық қадағалаушы - «Қазақ Жоба Құрылыс» серіктестіктері атқарған жұмыстарды көрді.

Сыр өңірінде мемлекеттік қолдаудың арқасында «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында қаржыландырудың барлық көзінен 864 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған.

Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 39,1 млрд теңге қаралып, жыл қорытындысымен 2,5 мыңнан астам пәтер беріледі. Ұлттық жоба аясында 1154 пәтерлік 21 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Әлеуметтік жағынан осал топтар үшін 1 819 пәтер, апатты үйлер орнына 135 пәтер сатып алу межеленген. Бүгінде аталған топтарға 780 пәтер сатып алынды. Соңғы екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді.

Тұрғын үй құрылысының көлемі 126 пайызға өсті, 2022 жылы 683 мың шаршы метрден өткен жылы 741 мың шаршы метрге жетсе, жыл соңына дейін 864 мың шаршы метрге ұлғайту жоспарланған.

# ҚЫЗЫЛОРДА мен ИТАЛИЯ АРАСЫНДА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ОРНАЙДЫ

Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған Сыр өңірінің делегациясы Италияға жұмыс сапарымен барды. Делегация құрамында ауыл шаруашылығы құрылымдарының, құрылыс компанияларының басшылары, кәсіпкерлер бар.

Сапардың негізгі мақсаты – аймақтың агроөнеркәсіп, құрылыс, қызмет көрсету салаларына инвестиция тарту.

Жұмыс сапары аясында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстан Республикасының Италиядағы, Мальта және Сан-Марино Республикаларындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ерболат Сембаевпен кездесті. Кездесуде Қызылорда облысы мен Италия



арасындағы ынтымақтастыққа бағытталған жұмыстар талқыланды.

– «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы отандық және шетелдік инвестиция тартып, халықтың әл-ауқатын арттыруды тапсырғаны белгілі. Қызылорда облысы мен Италия арасындағы ынтымақтастық орнату мүмкіндіктерін талқылауға ие болғанымыз үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді. Италия – Қазақстанның Еуропадағы ірі серіктестерінің бірі және біздің облысымыз итальяндық компаниялармен өзара тиімді байланыстарды одан әрі дамытуға мүдделі.

Осы елдің ауыл шаруашылығы өнімдерін, машина жасау, баламалы энергия көздері салаларындағы мол тәжірибесі аса құнды. Біз осы тәжірибені игеруге қызығушылық танытудамыз», – деді Н.Нәлібаев.

Кездесуде Ерболат Сембаев өндірісті дамыту ел экономикасының маңызды бағыты екенін атап өтіп, екі ел арасындағы байланысты күшейтуде тиісті жұмыстар жалғасатынын жеткізді.

* * *

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Италияға жұмыс сапары кезінде Рим қаласындағы бірқатар инвесторлармен кездесті. Алдымен «Confindustria» ассоциациясының вице-президенті Витторио Майоранамен жүздесіп, өңдеу өнеркәсібі саласында бірлесіп жұмыс жасауға дайын екенін айтты.

- «Біз «Confindustria»-ның тарихы бір ғасырдан асатынын білеміз. Қауымдастық құрамында кеңею, Қазақстанға орналасу, жаңа нарыққа шығу бағытындағы компаниялар болса, бірлесіп жұмыс жасауға шақырамыз.

Қызылорда облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу, құрылыс материалдарын, мұнай өндірісіне қажетті тауарлар шығару, жылыжай салу, машина жасау, тері және жүн өңдеу сияқты салаларда бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз.

Серіктес қажет болған жағдайда, аймақта кәсіпкерлер бар. Таныстырып, іс бастауға қолдан келгенше көмек көрсетеміз. Біз әрбір инвесторға қолданыстағы заңнама аясында жер телімін беріп, Қазақстандағы даму институттарынан қаржылай көмек алу үшін құжат әзірлеуді сүйемелдеуге дайынбыз. Сондай-ақ, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы жобаларға қаржылай көмек көрсетуге мүмкіндігіміз бар», – деді Н.Нәлібаев.

Мұнан бөлек аймақ басшысы клиникалық диагностика мен медициналық құрылғыларға арналған өнімдерді әзірлейтін «SGM Italia» компаниясының басшысымен кездесті. Іскерлік кездесу барысында медицина саласындағы инвестициялар үшін негізгі бағыт айқындалды. Оның ішінде Қызылорда облысында биохимиялық ерітінділер мен реагенттердің жергілікті өндірісін ашу мәселесі талқыланды.

Облыста биохимиялық ерітінділер және реагенттермен жұмыс істейтін бірнеше ірі зертхана бар. Атап айтқанда, өңірде «Олимп» зертханасының 18 филиалы, «Invivo» зертханасының 20 филиалы орналасқан. Олар клиникалық диагностикамен белсенді айналысады және жоғары сапалы реагенттерді қажет етеді.

Әрі қарай аймақ басшысы «Sace» экспорттық-кредиттік агенттігінің президенті Филипо Джансатемен кездесті. Онда ауыл шаруашылығы, тері, жүн өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, құрылыс материалдары, мұнайға қажетті тауарлар, денсаулық сақтау, инфрақұрылым, су ресурстары және көлік-логистика салаларындағы бірқатар тартымды жобалар ұсынылды.

***Өңірдегі мұнай қорының сарқылуы салдарынан 10 жыл бойы төмендеу тенденциясын көрсетіп келген өнеркәсіп өндірісі көлемі соңғы бір жылда оң динамикаға шықты. Өсім өңдеу өнеркәсібі есебінен қалыптасты. Сыр өңірі өңдеу өнеркәсібіндегі өсу қарқыны бойынша 2022 жылы республикада 11-ші орында болса, өткен жылдан бері алдыңғы қатарда.***

***Инвесторларға қолайлы жағдай жасау, инвестициялық тартымдылықты арттыруда ірі инфрақұрылымдық жобалар қолға алынды. Кейінгі 3 жылда облыста құны 30 млрд. теңгені құрайтын 35 инвестициялық жоба іске қосылды.Жуырда 16 млрд 600 млн теңгенің инвестициялық жобасы жүзеге асырылды. Инвестор 215 млрд. теңгеге жаңа жобаның құрылысын жүргізуде. Жалпы құны 28 млрд. теңгені құрайтын «жасыл» энергия саласын дамыту бағытындағы екі жоба бар. Атап айтқанда, 50 мегаваттық жел-электр («Уранус Уинд» ЖШС) және 40 мегаваттық күн-электр станцияларының («Тесис» ЖШС) құрылысы қазан айында басталды.***

***Сондай-ақ, былтырғы Оңтүстік Корея сапарының нәтижесінде биыл Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің базасында Қазақстандағы алғашқы жасанды интеллект институты ашылды.***

Айта кету керек, биылғы жылдың 29-шы қазанында екі елдің ынтымақтастық жөніндегі 9-шы жұмыс тобының отырысында «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ мен Италияның CDP ұлттық даму институты арасында 200 млн еуро көлемінде кредиттік келісімге қол қойылды. Қаржыландыру «Қазақстанның Даму Банкіне» «Sace» экспорттық-кредиттік агенттігі тарапынан кепілдік беру арқылы жүзеге асырылады. Бұл қаражат елдің тұрақты дамуына ықпал ететін экономиканың негізгі салаларын дамытуға бағытталмақ.

Аймақ басшысы «Ansaldo Energe» компаниясының басшысы Фабрицио Фаббримен кездесіп, өңірдегі энергетикалық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобаларды талқылады.

Электр энергиясын тұтыну қарқыны мен энергетикалық инфрақұрылымды дамыту маңыздылығы ескеріліп, түркиялық «Aksa Energy» компаниясы қуаттылығы 240 МВт жаңа жылу-электр орталығын салуда.

Бұл облыстың электр энергиясына қажеттілігін толығымен жауып, Қызылорданы импорттаушыдан экспорттаушы өңірге айналдырады. Жаңа нысан энергетикалық қауіпсіздікті сақтауға және тарифті тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Жоба 2025 жылы іске қосылады.

Мемлекет басшысының биылғы ақпан айында Катарға жасаған іссапары аясында бірқатар құжаттарға қол қойылды. Соның бірі –Қызылорда облысында қуаттылығы 1100 мегаваттық бу-газ электр станцияларын салу. Жобаны 2024-2029 жылдары іске асыру, «Қызылорда-Шымкент», «Қызылорда-Жезқазған» бағыттары бойынша жаңа электр желілерін тарту жоспарлануда.

* * *

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев бастаған Сыр өңірі делегациясы Италиядағы жұмыс сапары барысында Флоренция қаласындағы тері өңдейтін өнеркәсіп қауымдастығының жұмысымен танысты. Санта-Кроче-суль-Арно ауданындағы зауыттар негізінен аяқ киім тігуге арналған былғары өңдеумен, киім, жиһаз және басқа да өндіріспен айналысады. Өз өнімдерін әлемнің 122-ден астам еліне экспорттайды.

Ауданда тері өндірісінің шамамен 35%-ы және аяқ киім өндірісінің 98%-ы шоғырланған. Былғары өндірісі тізбегінде 600-ге жуық кәсіпорын бар, оларда 8000-нан астам адам жұмыс істейді.

Облыс әкімі «Aldo Gliozzi» қауымдастығының басшысы Эцио Кастелланимен мал терісін экспорттау және аймақта былғары өңдеу өндірісін дамыту бағытында келіссөздер жүргізді.

– «Бірінші кезекте Қызылорда облысы мен Италия арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатындағы бүгінгі кездесуге қызығушылық танытқаныңыз үшін алғыс білдіремін.

Қызылорда облысы экономикасының ауқымды бөлігін тау-кен саласы құрайды. Негізінен мұнай өндіріледі, сонымен бірге агроиндустриалды аймақ. Өңірде атқарылған жұмыстар нәтижесінде өңдеу өнеркәсібінің өсімі бойынша республикада бірінші орындамыз.

Елімізде және өңірімізде мал басы жыл сайын артып келеді. Кейінгі жылдары біздің облыстың өзінде екі миллионнан астам мал тіркелген. Осы ретте тері және жүн өңдейтін кәсіпорындарды дамыту керек. Жалпы алғанда, аймақ нарығын қамтуға және алыс-жақын шетелдерге экспорттауға мүмкіндік бар.

Қызылорда облысының инвестициялық әлеуетін ескеріп, тері, жүн өңдеу саласында бірлесіп жұмыс жасауға дайынбыз.

Серіктес қажет болған жағдайда, өз салаларында жетістікке жеткен кәсіпкерлер сіздермен келіссөздер жүргізуге, тәжірибе алмасуға арнайы іссапармен келді», – деді Н.Нәлібаев.

Өңірде негізінен ет бағытындағы, ірі қылшықты жүнді және қаракөл қой тұқымдары аудандастырылған. Жобаларды іске асыруға шикізат қоры жеткілікті. Облыс бойынша өткен жылы 848,6 тонна жүн және 215,1 мың тері өндірілген.

Жаңа жобаларды орналастыру үшін дайын инфрақұрылымы мен 300 гектардан астам жер учаскесі бар 6 индустриялық аймақ жұмыс жасайды.

Өз кезегінде Эцио Кастеллани екіжақты әріптестікке қолдау білдіріп, алдағы уақытта бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік қарастырылатынын айтты.

Аймақ басшысы әрбір инвесторға қолданыстағы заңнама аясында жер телімі берілетінін, Қазақстандағы түрлі даму институттарынан қаржылай көмек алу үшін құжаттар сүйемелденетінін жеткізді.

## ӘКІМ МАЖАРСТАННЫҢ БАС КОНСУЛЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мажарстанның бас консулы Саболч Карой Сёкемен кездесті. Кездесуде аймақ басшысы Сыр өңірінің инвестициялық және экономикалық әлеуеті туралы хабардар етіп, өңірде шетелдік инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасалғанын атап өтті.

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Мажарстанға сапары кезінде Ауыл шаруашылығы министрлігі мен мажарстандық компания арасында елімізде құрама жем зауыттарын салу туралы келісімге қол жеткізілді. Аймақ басшысы аталған зауыттың біреуін Қызылорда облысына салудың артықшылықтары мен тиімді тұстарын атап өтті.



– «Кейінгі уақытта аймақта мал және құс шаруашылығы өркендеп, жемге деген қажеттілік артып келеді. Өткен жылы қуаттылығы 1,5 мың тонна болатын құс фабрикасы іске қосылды, сүт және сүт өнімдерін өндіретін 7 кәсіпорын жұмыс жасауда. Мұнан бөлек, қуаттылығы 3 мың тонна құс фабрикасы, сүт фермасы және құрғақ түйе сүтін өндіретін зауыт салынуда. Облыста екі миллионнан астам мал басы тіркелген, көрші Түркістан облысында 10 миллион, Ақтөбе облысында 2 миллиондай бас мал бар. Жалпы алғанда, үш өңірдің нарығын қамтуға және тиімді логистика арқылы шетелге экспорттауға мүмкіндік туады. Өңірімізде жаңа жобаларды орналастыру үшін 6 индустриялық аймақ құрылғанын және дамыған инфрақұрылымы бар 300 гектардан астам жер телімі дайындалғанын атап өткім келеді. Біз жаңа серіктестермен ашық және сенімді қатынас орнатуға әрдайым дайынбыз!», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Өз кезегінде бас консул аймақ басшысына алғысын білдіріп, тиімді әріптестік орнатуға ынталы екенін айтты.

## ГЕНЕРАЛДЫ ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қызылорда облыстық полиция департаментінің бастығы, генерал-майор Аблазимов Махсудхан Нұғманұлын зейнет демалысына шығарып салу рәсімі өтті. Жиынға зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау саласының бірінші басшылары, сала ардагерлері қатысты.

Аймақ басшысы еңбек адамдарын құрметтеу бұрыннан қалыптасқан дәстүр екенін айтып, Махсудхан Аблазимовке құттықтау лебізін жеткізді.

– «Махсудхан Нұғманұлы Президентіміздің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын іске асыруда барлық аудандағы, қаладағы ашық форматта өткен қоғамдық қабылдауларға арнайы қатысты, азаматтарды жеке қабылдады. Тұрғындарды толғандырған сауалдарға жауап беріп, олардың шешім табуына септігін тигізді. Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институтының әлеуметтік зерттеуінің қорытындысына сүйенсек, облысымыз полицияға сенімнің ең жоғары көрсеткішіне ие болған.

Ол – жұмыс барысында іскер, ұйымдастырушылық қабілеті мен жауапкершілігі жоғары, білімді, білікті, қызметкерлерді мемлекеттік маңызды істерге жұмылдыра білетін басшы. Құқық қорғау, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп атқарған кешенді шаралардың нәтижесінде өңіріміздегі қылмыс деңгейі жыл сайын төмендеп келеді. Бұл ретте Махсудхан Нұғманұлының еңбегі ерен.

Оның тұсында облыс әкімдігінің қолдауымен полиция департаментінің материалдық-техникалық базасы нығайып, жаңартылды. Заманауи құрылғылармен жабдықталған қызметтік көліктер табысталып, қызметкерлердің жалақысы көтерілді. Пәтер мәселесі шешімін тапты. Қоғамдық тәртіпті, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қала мен барлық ауданда жылдамдық өлшегіш құралдар, бейнебақылау камералары орнатылды.

Барша Сыр жұртшылығының атынан деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз», – деді аймақ басшысы.

Басқосуда Аблазимов Махсудхан Нұғманұлына Сыр өңірінің дамуына қосқан ерекше үлесі үшін облыстың ең жоғары марапаты – Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

ЖОБА

## Жалағаш ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2025 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, «Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) сәйкес,Жалағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жалағаш ауданы бойынша 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда, хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері болу құнының 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Жалағаш аудандық мәслихатының төрағасы У. Елеусинов**

ПРОЕКТ

## Об утверждении ставок туристского взноса для иностранцев на 2025 год по Жалагашскому району

В соответствии с пунктом 2-10 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 14июля 2023 года № 181 «Об утверждении Правил уплаты туристского взноса для иностранцев» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №33110), Жалагашский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить ставки туристского взноса для иностранцевв местах размещения туристов, за исключением хостелов, гостевых домов, арендного жилья, по Жалагашскомурайонус 1 января по 31 декабря 2025 года включительно в размере 0 (ноль) процентов от стоимости пребывания.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Председатель Жалагашского районного маслихата У. Елеусинов**

# ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ

Биылғы жыл – еліміз үшін ерекше жыл. Қасқағым уақыт тәрізді, қанды жол, ауыр күндермен келген Тәуелсіздігімізге – 33 жыл, Желтоқсан оқиғасына – 38 жыл. Жыл сайын, 16-шы желтоқсан күні – біз бүкіл ел болып, тәуелсіздік күнін, сәнсалтанатты іс-шарамен, мерекелік кештермен атап өтеміз. Алайда, 1986 жыл дәл осы 16-шы желтоқсанда қаншама жүрегі қазақ деп соққан бауырларымыздан айырылған күн екендігінде ұмытпағанымыз жөн. Бүгінгі күні, дәл сол мерекелік көңіл-күйдің әсерінен 1986 жылғы қаралы күн жадымыздан өшіріліп келе жатқандай. Әрбір жүрегі қазақ деп соққан адамға белгілі ғой, қазақ еліне Тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ. Ал бүгінгі Тәуелсіздігіміздің жаншысының бірегейі осы – Желтоқсан оқиғасы емес пе? Дәл осы желтоқсанда империя бодандығына қарсы бұлқынған намысшыл жастардың арқасында қазіргі тәуелсіздігімізге қол жеткізіп отырмыз. Қазақстанның еркіндігі мен бостандығы жолында бастарын бәйгеге тіккен қанды желтоқсан оқиғасының қатысушыларының ерліктері уақыт өткен сайын жадымызда жаңғыруы тиіс.

1986 жылы 16-ы желтоқсан күні небәрі 18 минутта өткен Қазақстан КП Орталық Комитетінің бесінші Пленумы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевты қызметінен босатып, Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшылығына республика халқына мүлде таныс емес, қазақ халқы туралы еш хабары жоқ Г.Колбин тағайындалды. Қазақстанда бір күн де жұмыс істемеген және есімі де елге белгісіз Геннадий Колбиннің тағайындалуы көтерілістің негізгі себебі болса да, көтеріліске шығудың басқа да, бірнеше себептері бар еді. Атап айтсақ намысты қазақ жастарымыз ұлттық даму деңгейінің тежелуіне, кеңестік салттың кеңінен дәріптелуіне, әміршіл-әкімшіл жүйенің күштеп басқаруына шыдай алмады. Болып жатқан оқиғалардың әсері, қазақ жастарының қозғалыс ашуына түрткі болды.

Ертесіне 17-і желтоқсан күні сол кездегі Брежнев алаңына лек-легімен ағылған қазақ жастар тобы бейбіт шеру арқылы Орталықтың кадр саясатын дұрыс жүргізбей отырғандығына өз наразылықтарын білдірген еді. «Қазақстанға қазақ басшы!», «Әр халыққа-өз көсемі" деген ұрандармен «Менің Қазақстаным» әнін айтып алаңға шыққан еді. Ұлт саясатын дұрыс жүргізуді, ұлттық тіл мәдениеттің дамуына қамқорлық жасауды, ұлттық саяси қайраткерлердің басшылық орындарында лайықты лауазымға ие болуына назар аударуды ашық түрде талап етті. Жастардың барлығы өздерін толғандырып жүрген мәселелерді сол сәтте айтып қалуға тырысты. Алайда, жастар шеруі құқық бұзушылық, ұлтшылдық сипаттан алшақ еді. Тек лениндік ұлт саясатының бұрмаланбауы, әр ұлтқа өз басшысын қою керек деген сөз жазылған тақтайлар ұстап жүрді.

Бірақ 1986 жылғы 17-18 желтоқсанда Брежнев алаңындағы қазақ жастарының толқуы қанды оқиғаға айналарын ешбір қазақ білмеді. Өкініштісі, жүректері қазақ деп соққан батыр ұл-қыздарымызға «ұлтшыл» деген кінә тағылды. Алаңдағы жастарды тоқтату үшін жастарға қарсы «Бұрқасын-86» жоспары бойынша іс-шаралар жасалды. Жастарға көрсетілген азаптарды елестетсек, көзімізге жас келетіні анық. Жастарға өрт сөндіру машиналарымен суық сумен атқылап қана қоймай, оларға қарсы арнайы дайындықтан өткен иттерді салып қойған. Сапер күрегі, үйретілген иттер, су шашатын машиналар, сойылдар т.б. қарулар көмегімен басшылық демонстрацияны тоқтатып тынды. Қоғамдық тәртіп сақшылары өте үлкен өрескел қатыгездікке барды. Шеруге қатысқандарды тергеу ісі мүлде қатал, әрі заңсыз жүргізілген еді. Тергеу камераларына, қаланың сыртына әкетілгендердің саны 8,5 мың болды. Көптеген жастар оқу орындарынан, комсомолдан шығарылды. Оқу орнынан 271 студент қуылса, 787 адам комсомолдан шығарылды. Қазақ жастары жазықсыздан-жазықсыз өктем биліктің құрбандары болды.

Міне биыл, осы қаралы Желтоқсан оқиғасына 38 жыл толады. Бұл оқиғаға қатысқандар тек, 1990 жылдардың бас кезінен бері ақтала бастады. Бүгінде осынау бас көтеруге «ұлтшылдық көрініс» деп берілген саяси бағаның қате тұжырым екені мойындалып, қазір Желтоқсан оқиғасы Кеңес Одағының құлауына пәрменді соққы берген алғашқы бас көтеру ретінде қарастырылады. Ал оқиғаның бел ортасында жүрген қазақ жастары ресми үгіт-насихат барысында «Қазақстан тәуелсіздігі үшін күрескендер» деп аталып жүр.

Желтоқсан эпопеясы кітабының авторы Мұхтар Шаханов бір сұхбатында: «Желтоқсан рухы шын мәнінде біздің ұлтымыздың рухани шыңдалуы. Сондықтан біздің бүгінгі таңдағы басты міндет – Желтоқсан рухын қолдау, насихаттау», – деген екен. Сонымен осы сөздермен қорытындылай, біз Желтоқсан оқиғасын – 70 жылдық әміршіл-әкімшіл кеңестік жүйеден кейін, Қазақстанның қайта түлеуінің бастауы деп атап көрсете аламыз. Желтоқсан оқиғасы – ұлт санасынан өшпейтін, Тәуелсіздіктің алғашқы қадамы болып қала бермек!

**Сымбат МАМАН**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда Университетінің 1 курс студенті**

# ЖАРНАМА ЗАҢДЫЛЫҒЫ БАР

Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі қала көшелеріндегі көрнекі ақпараттар бойынша «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 және «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы Заңдарының сақталуына зерделеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

Қала көшелеріндегі көрнекі ақпарат құралдарында «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңының 21-бабының және «Жарнама туралы» Заңының 6-бабының сақталмауы жиі кездеседі. Заңнамада белгіленген талаптардың бұзылуына жол берілген жөнсіз жарнамаларды болдырмау туралы меншік иелерімен ауызша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, жазбаша хат арқылы ескертпелер беріліп келеді.

Бөлім тарапынан мекемелерге, кәсіп иелеріне жазбаша ескерту хаттармен маңдайша жазулар, басқа да көрнекі ақпараттардың мәтіндерін жазу және орналастырудың схема-үлгісі таратылуда. 2024 жылдың 10 айында Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңының 21-тармағының талаптарына сәйкестігін зерделеу мақсатында қала орталығындағы жарнамаларды аралау барысында **172 нысанға түсіндірме** жұмыстары және ескертпе буклеттер таратылды.

Сонымен қатар қала аумағында орналасқан мейрамханалар мен жылдам әзірленетін дәмханалардың ас мәзірлерін қазақ тілінде жазу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, бүгінде 91 пайызға жуық ас мәзірлері қазақ тіліне көшірілді.

# ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ - ДАМЫҒАН ҚОҒАМНЫҢ БЕЛГІСІ



Инклюзивті білім беру – қазіргі қоғамның дамуына қажетті маңызды бағыттардың бірі. Ол ерекше қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру процесіне толыққанды қатысуын қамтамасыз етеді. Бұл жүйе балалардың құқығын қорғап қана қоймай, олардың қоғамға интеграциялануына мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру – барлық балаларды, олардың қабілеттері мен ерекшеліктеріне қарамастан, бір ортада оқыту. Мұндай тәсіл балалар арасындағы теңдікті сақтап, әрбір баланың жеке қажеттіліктерін ескеруді көздейді. Инклюзивті ортада өскен балалар мейірімді, төзімді, әрі бір-бірін құрметтеуге үйренеді.

Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесін дамытуға үлкен көңіл бөлінуде. Арнайы мектептер мен инклюзивті сыныптар ашылып, мұғалімдер инклюзивті оқыту әдістемесі бойынша дайындықтан өтуде. Дегенмен, бұл бағытта әлі де шешімін таппаған мәселелер бар: инфрақұрылымның жетіспеушілігі, білікті мамандар тапшылығы және қоғамның ерекше балаларға деген көзқарасын өзгерту қажеттілігі.

Инклюзивті білім беруді дамыту үшін тек мектептер мен мұғалімдер ғана емес, бүкіл қоғам атсалысуы қажет. Ата-аналар, жергілікті қауымдастықтар және мемлекеттік органдардың қолдауы – осы жүйенің табысты болуының басты шарты. Қазіргі қоғамның өркениеттілігінің көрсеткіші – әр азаматқа, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балаларға жасалған жағдаймен өлшенеді. Инклюзивті білім беру – осы ұстанымды жүзеге асыратын маңызды құрал.

Инклюзивті білім беру – теңдік пен әділеттіліктің көрінісі. Ерекше балалардың қоғамға сіңісуі олардың жеке қабілеттерін дамытуға ғана емес, жалпы қоғамның рухани және мәдени өсуіне ықпал етеді. Әр бала – біздің болашағымыз, сондықтан оларды қолдау – бәріміздің міндетіміз.

Инклюзивті білім беру – ерекше қажеттіліктері бар балалардың құқығын қорғаудың және оларды қоғамға толық интеграциялаудың тиімді жолы. Бұл бағытта атқарылған әрбір жұмыс – мейірімді, әділетті қоғам құруға қосылған үлес. Әр балаға тең мүмкіндік беру – еліміздің жарқын болашағының кепілі.

**Садуова Шырынкул Амирбековна**
облыстық балалар оңалту орталығының Тәрбиеші Педагог-модератор

# САЙЫН ДАЛАНЫҢ ЕРКЕСІ - АҚБӨКЕН



Ақбөкендер – Қазақстан даласында мекендейтін дала бөкендері. Еліміздегі олардың саны 1992 жылдан 2003 жылға дейін 50 есе азайды, шамамен 1 миллионнан 20 мыңнан астамға дейін. 2002 жылы киіктерді жойылып кету қаупі бар түрлерге жатқызды.

2004 жылдан бастап түрді қорғау бойынша қабылданған шаралардың арқасында олардың саны біртіндеп өсті. 2021 жылы Қазақстанның Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі ақбөкендер популяциясының саны соңғы екі жылда екі есеге 334 мыңнан 842 мыңға дейін өскенін мәлімдеді.

Ақбөкен түрлерінің бес негізгі популяциясы бар, олардың үшеуі Қазақстанда, біреуі Ресейде (Қалмақия) және біреуі Моңғолияда. Кейбір ақбөкендер Өзбекстанда қыстайды.

Ақбөкен – жұп тұяқты ұсақ жануар. Оның денесінің ұзындығы 110-146 см, салмағы 23–40 кг. Түгі сарықызыл, қыста түлеп, ашық сұр түске боялады. Имек мұрнынан оңай тануға болады. Аталығының ғана мүйізі болады, ұзындығы 30 см. Ақбөкен – ұзақ қашықтыққа жүре беретін қоныс аударатын жануар. Шағын су қоймаларынан жүзіп өте алады.

Ең алдымен олардың ерекше тұмсықтары көзге түседі. Олардың мұндай болуы жайдан-жай емес: тұмсықтарын түк жауып тұрады, ол дала шаңын сүзгіден өткізеді. Ақбөкендерге мұндай танаудың пайдасы зор, себебі олар шаңды бастарына көтеріп далада көшіп-қонып жүреді.

Ақбөкендер азық табу мақсатында даланы әрлі-берлі кезеді. Осындай ұзақ сапарларда шаршамас үшін артқы аяғының жамбас буыны аяқты маятник тәрізді алдыға-артқа қозғалтып отырады.

Ақбөкендерді суатта жыртқыштар – қасқырлар, түлкілер және қаңғыбас иттер торуылдап жүреді. Табынды шабуылдан қорғау үшін ақбөкендердің кейбірі суаттың маңында күзетке қалады. Олар жағдайды бақылайды. Сақ тұрған ақбөкендер қауіпті көргенде, аспанға секіру арқылы дабыл қағады. Секіру толқыны табын арасында жайылып, бәрі қашып кетеді.

Ақбөкеннің жылдамдығы 80 км/сағ жетуі мүмкін. Ол құнарлы шөпті жейді. Киіктің қасиеттілігі соншалық, тұяғымен жердің шаң-тозаңын шығарып, топырақтың құнарлығын арттырып отырады екен. Өсімдіктердің қайта қаулап шығуына зор ықпал етеді. Сайын даланың еркесі, желден жүйрік жануар, күніне 200 шақырым жер жүріп, жайылым ауыстырып отырады. Қазақта «Көшпелі елді отыр деме, ақбөкенді жатыр деме»- деген сөз осыдан қалса керек.

Табиғат-жаратқанның сыйы, оны орынды-орынсыз бүлдіруге болмайды. Табиғатқа жанашыр болу баршамыздың міндетіміз екенін ұмытпайық ағайын!

**«Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

## ӨМІР

Өмір деген – сағымдай бір ұшқын,
Кейде ащы, кейде балдай тәтті түн.
Күлкі сыйлап, жүректі жылытқанда,
Көзден жас боп ағады үнсіз мұң.
18 жыл… Бала күннен із қалды,
Әр сәтімен жүрегімде жазғанды.
Армандардың ақ құсы боп самғаймын,
Өмір жолы – терең сырға толғанды.
Таң атып, күн қайтадан батады,
Уақыт тоқтамайды, зымырап жатады.
Сол уақыттың әр сәтін бағалайық,
Өмір деген – бізге берілген атағы.
Қуаныш пен сынақтардан құралған,
Тек алға ұмтыл, сүрінсең де, құлама.
Өмір – бір сәт, бірақ шексіз болмысы,
Жүрекпен сез, әр демінде, тоқтама!

**Қарақат Медетқызы**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда Университетінің 1 курс студенті**

# КӨШЕГЕ АТАУ БЕРУ ОҢАЙ ЕМЕС...

Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі Қызылорда қаласы әкімдігінің жанынан құрылған қалалық ономастика жұмысшы тобының қызметін үйлестіреді. Бүгінгі күні қала аумағында комиссия шешімімен нақтыланған 1199 көше бар. Оның ішінде қалада **772** көше және қалаға қарасты ауылдық округтерде **427** көше бар.

*Қала аумағындағы **772** көшенің **440-ы** кісі есімімен, **223-і** тарихи жер-су атауларымен аталған, **109-не** шартты атау берілген.*

*Ауылдық округтердегі **427** көшенің **208** кісі есімімен, 67 көше тарихи жер-су, 152-не шартты атау берілген. Белкөл кентінде орналасқан **2** көше идеологиялық тұрғыдан ауыстыруды қажет етеді.*

Атау беру және қайта атау кезінде республикалық ономастика комиссиясы мақұлдаған және Президент Әкімшілігімен келісілген «Тарихи тұлғалар» тізімін басшылыққа алу міндеттілігіне байланысты қалалық ономастика жұмысшы тобының отырысында 2022-2023 жылдар аралығында келіп түскен 70-ке жуық ұсыныстар қаралды.

Одан әрі облыстық ономастика комиссиясында мақұлданып, «Тарихи тұлғалар» тізбесін өзектендіру жөнінде ұсыныстар республикалық ономастика комиссиясының қарауына жолданды. Алайда республикалық комиссияның шешімімен аталған ұсыныстар арасынан 9 ұсыныс қана «Тарихи тұлғалар» тізіміне енгізілгендігі белгілі болды.

Аталған 9 ұсыныс ішінен Қызылорда қаласындағы әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөліктерін атау және қайта атау беру бойынша 2022-2023 жылдар аралығында тиісті заңдылықтарға сәйкес қаралып, қолдауын тапқан 4 ұсыныс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының кезекті отырысына ұсынуға ықпал жасау мақсатында облыстық қоғамдық даму басқармасына құжаттары жолданды.

Ендігі кезекте «Тарихи тұлғалар» тізіміне енгізілген 5 ұсынысты қалалық ономастика жұмысшы тобының отырысында қарау жоспарлануда.

**Сенім телефоны**

Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы № 153 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасының 18.11.2015 жылғы № 410 V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінде азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242)71-16-51 сенім телефоны жұмыс істейтін хабарлайды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29.12.2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18.11.2015 года № 410 V «О противодействии коррупции» прием граждан по личным вопросам в отделе занятости, социальных программ и регистрации актов гражданского состояния города Кызылорда ежедневно с 9.00 до 19.00 часов, время перерыва с 13.00 до 15.00 и телефон доверия 8(7242)71-16-51.

## «Жаңақорған ауданының экономика және қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы мен орынбасарының азаматтарды ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Аты – жөні | Лаузымы | Қабылдау уақыты |
|---|---|---|
| Оразбеков Алмас Зұлхарнайынұлы | Бөлім басшысы | әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15-00 – 17-00 |
| Каскабаев Ахметқали Базарбайұлы | Басшы орынбасары | әр аптаның сейсенбі күні сағат 15-00 – 17-00 |

**МЕНШІК ИЕСІ:**
«Желтоқсан и К» ЖШС

**Бас редактор**
Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА

**Бас редактордың орынбасары**
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

**Редакцияның мекен-жайы:**
Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

**Телефон:** 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп №14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж.
Газет аптасына бір рет жарық көреді

**ТАРАЛЫМЫ:** 4000
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
**Мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
**Таралу аумағы:**
Қазақстан Республикасы
**Тапсырыс**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Сурет сапасына редакция жауап бермейді



***Ақсуат ауылдық округі - Қызылорда қаласында мәдениеті мен экономикасында өзіндік орны бар ауылдардың бірі. Байырғы тарихы, табиғаты мен тұрғындарының еңбекқорлығы бұл ауылды ерекше етеді. Ақсуат ауылдық округінің әкімі Нұрболат Бақытовпен сұхбат жүргіздік. Әкім ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы, ауыл шаруашылығының қазіргі жағдайы, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бағдарламалар және алдағы жоспарлар туралы атап өтті. Сондай-ақ ауылдық округтің инфрақұрылымын жақсарту, жастарды қолдау және жергілікті кәсіпкерлікті дамыту жолындағы атқарылған жұмыстар туралы айтылды.***

# АҚСУАТ – ХАЛЫҚТЫҢ БІРЛІГІНІҢ, ЕҢБЕКТІҢ ҚАДІРІНІҢ АУЫЛЫ

**- Нұрболат Бақытұлы, Ақсуат ауылдық округінің қазіргі даму деңгейі қандай?**

- Ақсуат ауылдық округі қарқынды дамуда деп айтсақ болады. Жаңадан көшіп келуші тұрғындармен халық саны да жылдан жылға артуда. 2022 жылы 10030 болса, бүгінгі күні 11 мыңдай халық тіркелген. Ауылдық округте 2 мемлекеттік және 2 жеке мектепте барлығы 2438 оқушы екі ауысымда, мектеп алды даярлық тобында 40 бала білім алуда. Соның ішінде 2020 жылы жеке кәсіпкердің өз қаражаты есебінен «Ансар - Каусар - 2020» жеке бастауыш мектебі ашылып, мемлекеттік бағдарлама аясында 80 бала білім алып, қосымша әртүрлі үйірмелермен қамтылса, 2024 жылдың жаңа оқу жылында жеке кәсіпкер Ш. Иманбердиеваның өз қаражаты есебінен 600 орындық «Бәйтерек» мектебі ашылды. Қазіргі таңда 135 бала білім алып, құрылтайшы есебінен барлығы ыстық тамақпен қамтылған. Ауылдық округте мектепке дейінгі білім берумен қамтылуы бойынша 2 мемлекеттік және 5 жеке балабақшада 595 бала қамтылып тәрбиеленуде. Кәсіпкерлік нысандардың саны да жылдан жылға артуда. Ауылдық округте осыдан бірнеше жыл бұрын бірлі-жарым дүкендер болса қазіргі таңда 35 дүкен, 4 монша, 5 шаштараз, 3 көлік жуу орталығы, 2 СТО, 2 жиһаз цехы, 1 құрылысқа арналған каска шығаратын цех пен 2 наубайхана, 1 кондитерлік цех, кафе, мейрамхана, «Батыс Еуропа- Батыс Қытай» дәлізі бойында орналасқан «Қызылорда» сервистік орталығы, тағы да басқа кәсіпкерлік нысандар ауыл тұрғындарына қызмет көрсетсе, ағымдағы жылы «Нұр қоныс» маркеті, «Адина» дүкені, 2 жылыжай, шұлық цехы, наубайхана жаңадан ашылды.

**- Ауылдық округтің әлеуметтік инфрақұрылымы қаншалықты дамыған?**

- Ауылдық округтегі ең өзекті мәселелерінің бірі ауылды табиғи газбен қамтамасыз ету болатын. Осыған сәйкес Мердігер «Алия Сервис» ЖШС-гі 2021 - 2023 жылдар аралығында құрылыс жұмыстарын жүргізіп, 2023 жылы газдандыру жұмыстарын толығымен аяқтап, ел игілігіне пайдалануға берді. Жобаның жалпы құны 4 млрд. 775 млн. теңгені құрады.

Ауылдық округте 107 көше болса, оның 30 көшесінде асфальт, 32 көшесінде тас төселген, 45-і қара жол. Ауылдың орталық 14 көшесі түнгі жарықпен қамтылса, 6 көшесінде жаяу жүргіншілер жолы салынған.

Ауылдық округ тұрғындарының 70 пайызы электр жарығымен қамтылса, электр желілерімен қамтылмай қалған жаңадан қоныстанушы тұрғындарды электр жарығымен қамту мақсатында жоба құны 1 млрд. 58 млн. теңгені құрайтын 22,5 шақырым болатын 32 көшені электр желілерімен қамту мақсатында мердігер «Энергомера» ЖШС-гі 964 млн. теңгеге келісім шартқа отырып, 2024 жылы республикалық бюджеттен бөлінген 74 млн. теңгеге құрылыс жұмыстарын жүргізді. Қалған қаржысы 2025 жылға жоспарланған.

Елді мекен тұрғындарын аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында аяқ су насосының тозуына байланысты трансформатор жиынтығын сатып алуға және орнатуға 4,4 млн. теңге қаражат бөлініп, мердігер жеке кәсіпкер «Мусахмет» трансформатор жиынтығын алып беріп, аяқ су аптасына 3 күн берілсе, ауылдық округтегі жаңадан қоныстанушы аумақ тұрғындарына (Наурыз саяжайы) аяқ су аптасына 2 күн берілді. Аяқ су насосы қалалық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің теңгерімінде. Аяқ сумен қамтылмаған тұрғындарды аяқ сумен қамтуды кезең-кезеңімен жүзеге асыру жоспарлануда.

**- Ауыл шаруашылығын дамыту бағытында қандай жобалар іске асырылуда?**

- Ақсуат ауылдық округінің жалпы жер көлемі 21 231 гектар. Оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатында табысталған жер учаскесінің көлемі 13751 гектар. Ауылдық округте 4 ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі мен 56 шаруа қожалығы және 120 шақты жеке кәсіпкерлер мал шаруашылығымен айналысуда.

Бүгінгі күнге мал басының саны 7965 бірлікті құраса, бұл көрсеткіш 2022 жылы 6715 басты құраған. 2024 жылы 1 шаруа қожалығы 120 га жерге күріш егіп, 480 тонна өнім алып отыр.

Ауылдық округте 2020 жылы 2,2 га болатын «КазАгроМир» ЖШС-нің жылыжай кешені ашылса, 2022 жылы өз қаражаты есебінен салған шағын жылыжайын кеңейту мақсатында кәсіпкер «Шапағат» Б.Нұрмағамбет «Қызылорда өңірлік микроқаржылық ұйымы» арқылы жылыжайын кеңейту жобасы қаржыландырылып кеңейтсе, 2023 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жеке кәсіпкер «Мина» А.Өксікбаев 140 м² болатын жылыжай орнатып, жұмыс жасаса, «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында қолдау алған жеке кәсіпкер Н.Сүлейменов 300 м² болатын жылыжайын, ағымдағы жылы «Қызылорда өңірлік микроқаржылық ұйымы» арқылы қолдау алып кеңейту жұмыстарын жүргізуде.

2023 жылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында «Нұржігіт 2009» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі асыл тұқымды Әулиекөл малы мен құрал жабдықтар сатып алу жобасы қолдау алып, бүгінгі күні мүйізді ірі қара малын төлдетіп, асылдандыру бағытында жұмыс жасаса, «Айзере» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің егін шаруашылығына трактор, соқа, дән мен тыңайтқыш сепкіш құрал-жабдықтарын сатып алу жобасы қаржыландырылып, трактор және құрал жабдықтар сатып алынып, қазіргі таңда Қарауылтөбе ауылынан жалға жер алып жұмыс жасауда.

**- Жұмыссыздық мәселесін шешу үшін қандай қадамдар жасалуда?**

- 2023 жылы тұрақты жұмысқа 110 адам орналасып, ақылы қоғамдық жұмысқа 35 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына 13 адам, «Жастар тәжірибесі» бағдарламасына 21 жас, «Алғашқы жұмыс орнына» 1 адам, «Күміс жас» бағдарламасына 17 адам қамтылды. «Бастау Бизнес» курсын 11 адам оқып, сертификатын алса, 14 адам мемлекеттік қайтарымсыз грант алса, 2024 жылдың 10 айында тұрақты жұмысқа 121 адам орналасып, ақылы қоғамдық жұмысқа 43 адам, «Жастар тәжірибесі» бағдарламасына 14 жас, әлеуметтік жұмысқа 4 адам, «Күміс жас» бағдарламасына 10 адам қамтылды. «Бастау Бизнес» курсын 24 адам оқып сертификатын алып, 26 адам мемлекеттік қайтарымсыз грант алып өз кәсіптерін бастауда.

Ауылдық округте жеке кәсіпкерлік субъектілерінде кондитерлік торт, жиһаз және өндірістік каска шығаратын цех пен жылыжай кешенінде, жеке мектептер мен жеке балабақшаларда ауыл тұрғындары жұмыспен қамтылған. 2025 жылға жеке кәсіпкер Аралбаева Сарсенкүлдің шұлық цехына 8 жұмыссыз адамды жұмыспен қамту, көпшілік монша, наубайхана, жылыжай, алдағы жылға жоспарланған шағын өнеркәсіптік – сауда кешені құрылысына және «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында ашылатын кәсіпкерлік субъектілердің жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамту жоспарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

**- Жастардың бос уақытын тиімді өткізуге қандай жағдай жасалған?**

- Ауылдық округте жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында ауылдық мәдениет үйінде ән, би, көркем сөз оқу, домбыра және хор үйірмелеріне 109 бала қамтылған.

Ауылдық округте бұқаралық спортты дамыту, яғни жастар мен жасөспірімдердің спортпен шұғылдануына жағдай жасау мақсатында, 5 спорт ойын алаңдары мен 2 көше тренажеры және 2 мектептегі спорт алаңдары мен спорттық футбол, баскетбол, волейбол, ұлттық ойындар, тоғызқұмалақ, бестас, қолкүрес, үстел теннисі, шашкі, шахмат үйірмелері жұмыс жасауда.

Ағымдағы жылы 3 спорт ойын алаңдарының тозуына байланысты мемлекеттік сатып алу заңдылығына сәйкес мердігер мекеме жөндеу жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар ауылдың жаңадан қоныстанушы тұрғындары тұратын Е.Адыранова көшесі бойынан 1 (бір) тренажер құрылғысы орнатылып, пайдалануға берілді.

2022-2023 жылдары демеушілердің қаражаты есебінен тренажерлық құрылғылары орнатылса, 20х40 кіші екі спорт алаңы пайдалануға берілсе, №268 мектеп-лицейінің спорттық алаңына жергілікті бюджеттен бөлінген 19 млн. теңгеге мердігер «АлиПроектConstruction» ЖШС-гі 25х45 ашық футбол алаңы газоны мен алаң сыртынан жүгіру жолағы құрылыс жұмыстарын жүргізіп пайдалануға берді.

Сонымен қатар Samruk – Kazyna Trust» корпоративтік қоры 239 млн. теңгеге 720 м² болатын спорт кешені құрылысын аяқтап, пайдалануға берді. Қазіргі таңда спорт кешенінде қазақша күрес, бокс, волейбол, футбол, дзюдо, таэквондо, үстел теннисі 7 түрлі спорт үйірмелері бойынша 18 топта 322 оқушы қамтылса, жеке «Ансар Каусар 2020» мектебінде ұйымдастырылған таэквондо және би үйірмесіне 30 бала, жеке кәсіпкер «Айдос» таэквондо және каратэ спорт үйірмелерін ашып, 132 бала қамтылса, жеке кәсіпкер «Сауранбаев» би, дзюдо және домбыра үйірмесін ашып 94 бала, жеке кәсіпкер Жакуповада 75 бала ән және домбыра үйірмесіне қамтылуда.

Ауылдағы ерікті жастар мен қоғамдастық кеңес мүшелерімен бірлесе отырып, спорттық іс - шараларды жүйелі өткізу және тұрғындар үшін кәсіпкерлермен бірігіп демалыс орындарын салу мақсатында 2023 жылы ауыл орталығында орналасқан орталық алаңға ауыл кәсіпкерлерінің демеушілігімен қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілсе, ағымдағы жылы орталық алаңның кіре берісіне арка салу жұмыстары жүргізілді.

Спорт ойын алаңында ауыл жастарының ұйымдастыруымен кіші футболдан турнирлер мен қалаға қарасты ауылдық округтер арасында волейболдан жарыстар тұрақты ұйымдастырылуда.

Ағымдағы жылы ауылдық округтегі спортпен шұғылданатын жасөспірім спортшыларымыз Петропавл қаласында өткен Қазақстан чемпионатында жүлделі 2- ші және 3-ші орындарды жеңіп алса, Алматы облысында өткен чемпионатқа қатысып жүлделі 3-ші орынды, Астана қаласында өткен гимназия оқушылары арасында өткен жарыста жүлделі 2-ші орынды жеңіп алды. Сонымен қатар Жастар орталығының ұйымдастыруымен кент, ауылдық округтер арасында өткен футбол жарысынан 2 рет ауыл волейболшылары жүлделі 1-ші орындарды жеңіп алса, Қалалық ЛЛС жарысында В лигасында Ақсуат жастары футбол командасы жүлделі 1 орынды жеңіп алды.

**- Ауылда мәдени іс-шаралар қаншалықты жиі өткізіледі?**

- Бекітілген жоспарға сәйкес жыл басынан бері 75 мәдени көпшілік және мерекелік шаралар өткізілсе, соның ішінде жастар мен жасөспірімдер және балалар арасында танымдық кештер, спорттық ойын түрлерінен жарыстар, портрет сағаттар, концерттік бағдарламалар және балалардың жазғы демалысын тиімді пайдалану мақсатында «Адал адам» мәдени – тәрбие орталығының жобасы аясында Кино-Тайм бағыты бойынша кинолар, мульттоптамалар және АРТ уақыт бағыты бойынша мәдениет үйі өнерпаздарының концерті ұйымдастырылса, ауыл кәсіпкерлерінің қолдауымен 8 наурыз аналар мерекесіне орай «Ананың аялы алақаны» атты мерекелік концерт, Наурыз мерекесіне орай «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» атты театрландырылған қойылым, концерттік бағдарлама, «Әлемге бала көзімен» атты балаларға арналған мерекелік шара және қыркүйек айында Қала күні аясында, Қарттар күніне орай «Ауылым сұлу Сырдың жағасында» атты республикалық ақындар айтысы болып өтті. Айтыс жоғары деңгейде ұйымдастырылып ауыл халқына керемет көңіл күй сыйлады.

Одан бөлек Қарасақал Ерімбеттің туғанына 180 жыл толуына орай «Халықтың қалсын сөзі құлағында» атты жас жыршы-термешілердің қалалық байқауы, Республика күніне орай «Қазақстан – туған өлкем, ұлы елім» атты мерекелік концерт пен «Қайырымдылық – асыл қасиет» атты қайырымдылық іс шаралар ұйымдастырылды.

**- Ақсуатта жерігілікті кәсіпкерлерге қандай қолдау көрсетіледі?**

- Мемлекеттің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға жасап жатқан қолдауының арқасында бүгінгі күнге ауылдық округте 602 кәсіпкерлік субъекті тіркелсе, оның 142 кәсіпкерлік субъектісі 2024 жылы тіркелсе, 2023 жылы 185 кәсіпкерлік субъекті тіркелген.

2024 жылы жалпы құны 204,9, млн. теңгені құрайтын 39 жоба қолдау алса, соның ішінде «2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бағдарламасы аясында «Бастау Бизнес» курсын 24 адам оқып сертификатын алса, (400 АЕК) мемлекеттік қайтарымсыз грант бойынша 38,4 млн. теңгені құрайтын 26 жоба қаржыландырылса, «Ауыл аманаты» жобасы аясында 18,2 млн. теңгені құрайтын 3 жоба қолдау алып, 31 млн. 655 мың теңгені құрайтын 4 жоба бойынша өтінім берілді.

Сонымен қатар «Қызылорда» өңірлік инвестиция орталығы» микро қаржылық ұйымы арқылы «пилоттық жобаға» 219 млн. теңгені құрайтын 3 жоба ұсынылып, 45 млн. теңгені құрайтын 2 жоба қолдау тапты.

2023 жылы мемлекеттік бағдарламалар аясында 278,5 млн. теңгені құрайтын 44 жоба қаржыландырылды. Соның ішінде ауыл халқының табысын арттыру мақсатындағы «Ауыл аманаты» жобасы аясында «Байқоңыр әлеуметтік – кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ -на 59,7 млн. теңгені құрайтын 6 жоба ұсынылып, қаржыландырылды.

Соның ішінде жеке кәсіпкер Аралбаева Сарсенкулдің шағын шұлық өнімдерін өндіру жобасы қаржыландырылып, құрал-жабдықтар сатып алып, ағымдағы жылдың наурыз айынан бастап іске қосып, күніне 200-300 шұлық өнімдерін шығарып ауыл, қала тұрғындарына өнімдері қолжетімді бағада сатылуда. Қызылорда қаласындағы «Сұлтан» сауда үйі жанынан дүңгіршек ашып, шұлық өнімдері 150-400 теңге аралығында сатылуда. Ағымдағы жылы «Қызылорда өңірлік микроқаржылық ұйымы» арқылы өндірісін кеңейту мақсатында жобасы қолдау алып, екі станок сатып алу жоспарлануда.

Жеке кәсіпкер Сүлейменов Нұрғазы 300 м² болатын жылыжай құрылысын орнатып, ағымдағы жылдың қаңтар айында қияр көшеттерін егіп, наурыз айынан бастап қияр өнімдерін ауыл, қала тұрғындарына сатуда.



Сонымен қатар ағымдағы жылы несиесін жауып, «Қызылорда өңірлік микроқаржылық ұйымы» арқылы 6% -бен «Пилоттық жоба» аясында жылыжыайды кеңейту мақсатында несие алып кеңейтуде. Алдағы уақытта қияр, қызанақ өнімдерімен қатар, маринадталған өнімдер өндірілетін болады.

Жеке кәсіпкер «Мина» Өксікбаев Алмаз 140 м² болатын жылыжай құрылысын орнатып, ағымдағы жылы жылыжайдан қияр өнімін алуда. Қазіргі таңда Қызылорда қаласының «Мансап» орталығы арқылы жұмыссыз 3 адамды жұмыспен қамтыды.

Жеке кәсіпкер «Сабира» Дүйсенғазиева Алтынкүлдің көрпе тігетін, мақта және жүн түтетін құрал жабдықтар сатып алу жобасы қолдау тауып, ағымдағы жылдың ақпан айында іске қосып, айына 10-12 көрпе тігіп, жұмыс жасауда. Қазіргі таңда көрпе тігумен қатар, ескі көрпе, көрпешелердің мақтасын тазартып, түтіп, қайта жаңалап, қой және түйе жүнінен де көрпе тігуде.

**- Әкімдік пен ауыл тұрғындарының арасындағы байланыс қалай жүзеге асырылады?**

- Бүгінгі таңда үкіметтік емес ұйымдардың қоғамдағы алатын орны ерекше. Осы ретте Үкіметтік емес Ұйымдар ауылдық әкімшілікпен бірлесіп тұрақты түрде жұмыстар жүргізіліп келеді.

Ауылдық округте 5 қоғамдық ұйым бар. Олар - ардагерлер кеңесі, қоғамдастық кеңес, «Ақсуат жастары» қоғамдық бірлестігі және кәсіпқой емес медиаторлар мен «ӘліАрыстан» мешіт Үйі.

Бұл ұйымдар елдің бірлігі мен тыныштығын сақтауда, қоғамдық жұмыстарға атсалысуда және жас ұрпаққа ұлттық-патриоттық тәрбие беруде, жастарды отан сүйгіштік қасиеттерге баулуға, ауылымыздың дамуы мен көмекке мұқтаж азаматтарға қайырымдылық жасаудағы маңызы зор. Ауылдық әкімдікпен Қоғамдастық кеңес пен Ардагерлер кеңесі мүшелерінің ауылдық округте атқарылатын жұмыстарды ауылдың ақсақалдарымен ақылдаса отырып, тұрғындардың бірлігі мен ынтымағының артуына, жастардың тәрбиесіне, ұлттық құндылықтардың сақталуына, халықтың тұрмыстық жағдайының жақсаруына, ардагерлердің әлеуметтік қорғалуына бағыттап отырады.

**- Ауылдың әлеуметік-экономикалық дамуына қандай жаңалықтарды енгізуді жоспарлап отырсыз?**

- Қызылорда облысының Сырдария ауданындағы Бесарық ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы бизнес инкубатор жобасын Ақсуат ауылдық округінде дамыту мақсатында жеке кәсіпкер «Райһан» Г.Курмантаеваның 73,8 млн. теңгені құрайтын шағын өнеркәсіптік-сауда кешені құрылысын салу жобасын «Қызылорда» Өңірлік инвестиция орталығы» микроқаржылық ұйымы арқылы қаржыландыруға ұсынылуда.

Жоба қолдау алған жағдайда, шағын өнеркәсіптік – сауда кешенінде ет, сүт өнімдері павильондары орналастырылатын болады. Одан бөлек жеке кәсіпкер С.Аралбаеваның шұлық өнімдері, жеке кәсіпкер Л.Сейітованың нан өнімдері және тағы да басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін орналастыру жоспарлануда.

**- Алдағы уақытта Ақсуат ауылдық округінде қандай ірі жобалар жүзеге асырылмақ?**

- Ауылдық округтегі жоба құны 235 млн. 762 мың теңгені құрайтын 10 көшеге түнгі жарық бағаналарын орнатуға және жоба құны 338 млн. 839 мың теңгені құрайтын 4 көшеге қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу мақсатында жоба сметалық құжаттары әзірленіп, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына өтінім ұсынылды. Қаражат бөлінуіне қарай атқарылатын болады.



Сонымен қатар жол жөндеу жұмыстарын қажет ететін 17,8 км болатын 23 көшеге жоба сметалық құжаттары демеушілікпен әзірленіп, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына өтінім ұсынылып, ағымдағы жылы 5 көшеге 865,8 млн. теңге бөлініп, «Қызылорда жолдары» ЖШС-гі құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Қалған 18 көшені жөндеу 2025 жылға жоспарлануда.

Жоба құны 1 млрд. 240 млн. 840 мың теңгені құрайтын қоғамдық автокөліктер қатынайтын 7,4 км болатын 4 көшеге 100 млн. теңге қаржы бөлініп, «Қыран» ЖШС-гі құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Келісім шарт негізінде құрылыс жұмыстарының аяқталу мерзімі 2025 жылға өтпелі.

Ауыл тұрғындарының бірлігінің, ынтымағының арқасында ауылдық округіміз 2018 жылдың қорытындысымен облыс бойынша 264 елді мекеннің ішінен «Үлгілі ауыл» байқауының жеңімпазы атанып, қоғамдық рейтинг қорытындысымен «Жаппай кәсіпкерлікті дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясымен, 2019 жылдың қорытындысымен Ақсуат ауылдық округі Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлес қосып, өз саласындағы үздік жетістіктері үшін «Өркенді ауыл» номинациясымен марапатталса, 2022 жылы «Ақсуат ауылдық округіне жаппай кәсіпкерлікті дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациямен марапатталды. Алдағы уақытта да Қызылорда қаласы мен ауылымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы мақсатында жұмыстар атқарылатын болады.

Ақсуат ауылдық округі өзінің тарихи байлығымен, еңбекқор халқымен және даму әлеуетімен ерекше. Бұл ауылдың болашағы зор, ал тұрғындары туған жерін көркейту жолында аянбай еңбек етуде. Ақсуат — халықтың бірлігін, еңбектің қадірін көрсететін ерекше өңір.

# ЖЫЛУ ҚАЗАНДЫҚТАРЫН ТЕКСЕРДІ

Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов жылу маусымында жылу беру мекемелерінің іркіліссіз жұмыс істеуін қадағалау мақсатында Оңтүстік жылу қазандығына барып, жылу берілу барысын тексерді. Аралауда қала әкімі Нұржан Сәбитұлы жөндеуден өтіп жатқан бу қазандығындағы жұмыстарды пысықтап, «Жылыту маусымында көпқабатты үйлер мен әлеуметтік нысандар үздіксіз жылумен қамтылып, жылудан мәселе болмауы тиіс. Осыны бақылауда ұстаңыздар» деп, салаға жауапты басшыларға тапсырма берді.

Айта кету керек, «Қызылордажылуэлектрорталығы» мекемесіне қарасты Оңтүстік қазандықта 7 қазандық орналасқан. Қазандық Тасбөгет кентін, Шұғыла және Оңтүстік мөлтек аудандарын жылумен қамтиды. Оған көпқабатты 215 тұрғын үй, 36 жеке үй, 73 әлеуметтік нысан және 69 шаруашылық нысандары қосылған.

Қазір «BONO ENERGIA» типті 3 бу қазандығын қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, «КЕ-25-14Е» типті 4 қазандықты қайта жаңғыртудан өткізу үшін жоба-сметалық құжаттамалары әзірленуде. Бұдан бөлек қаланы жылумен қамтамсыз етіп отырған «Қызылордажылуэлектрорталығы» мекемесіне қарасты 23 энергия беру көзі бар. Олар жылу электр орталығы, КОГТЭС, оңтүстік қазандық және қаланың өзге де аумақтарында орналасқан 20 автономды-блокты модульдік қазандықтары.

# ҚАЛА КӨЛЕМІНДЕ ТҮСІНДІРІЛУДЕ

Негізі төтенше жағдай мезгіл таңдамайды. Адамдардың салғырттығы, немқұрайлығы, сондай-ақ әрнәрседен қауіптене бермейтіндігі, оттан, судан, апаттан сақтық шараларын сақтамайтындығы өмірге қауіп төндіріп жатады. Жалпы қыс мезгілі жылу, тоқ, газ құрылғыларын көп қолданатын кезең. Соған сай төтенше жағдайлар орын алып, салдарынан адам қаза болып жататын жағдайлар жиі кездеседі.



Жылу беру маусымы кезінде тұрғын үй секторларында туындауы мүмкін төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатындағы профилактикалық түсіндірме жұмыстары Қызылорда қаласы аумағында жалғасты.

Аралауда қала әкімдігі, қалалық төтенше жағдайлар басқармасының өкілдері мен ТЖ волонтерлары қала тұрғындарына өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндірді.

Айта кету керек өрттің басым бөлігі тұрғындардың өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамауынан, яғни ашық отты пайдалану, ақауы бар электр бұйымдарын қолдану және балаларды қараусыз қалдыру салдарынан орын алуда. Бұл бағыттағы түсіндірме жұмыстары қала көлемінде жүргізілуде.

# ТАПСЫРМАНЫ БЕКЕРГЕ ТАПСЫРМАЙДЫ

Облыс әкімінің төрағалығымен өткен қысқа дайындық, теміржол саласына қатысты мәселелер қаралған мәжілістен кейін Қызылорда шаһары басшысы Нұржан Ахатов та қала әкімдігінің жиынын өткізіп, теміржол және транзиттік әлеуетті арттыру, жылу маусымында қатты отынның тапшылығын болдырмау бағытындағы шараларды пысықтап, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктеді.

- Өздеріңізге белгілі, облыс әкімінің үйлестіруімен темір жол вокзалы қайта жаңғыртудан өтті. Перрон жаңаланып, заманауи жарық шамдар орнатылды. Аумақтағы сауда дүңгіршектері алынып, орнына павильондар салынды. Вокзалға барар жол да өзгеше кейіпке енді. Ендігі мақсат – вокзал аумағын таза ұстап, қауіпсіздік шараларына ерекше мән беру керек. Өйткені жолаушыларға жайлы жағдай жасалынуы қажет. Сондықтан вокзал айналасына және темір жолдың екі жақ бетіне күнделікті санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізуді тапсырамын, - деді Нұржан Сәбитұлы.

Бұдан бөлек сала басшыларына жылу беру маусымында қатты отынның жеткілікті деңгейде жеткізілуін ұдайы бақылауда ұстау қажеттігін міндеттеді.

# АХАТОВ СПОРТТЫ ҚОЛДАЙДЫ

Қала әкімі Нұржан Ахатов және қалалық мәслихат депутаты Ділмұхамед Абызов қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі мен оған қарасты «Қажымұқан Мұңайтпасұлы» атындағы спорт клубының тыныс-тіршілігімен танысты.

Жақында ғана демеушілердің қолдауымен 5 миллион теңгеге жаңаланған ғимаратта бөлім мен клуб мамандары ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Бөлім қызметкерлері күнделікті спортты жетілдіру, туризмді дамыту бойынша сан-салалы қызмет көрсетсе, клуб жаттықтырушылары спорттың 13 түрінен үйірме ұйымдастырып отыр.

Клубты аралап, спортшылармен кездескен шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлына спорт клубының жаттықтырушысы, пауэрлифтингтен еліміздің Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Кабира Асқарова бірқатар ұсынысын жеткізді. Жаттықтырушы мүгедектігі бар спортшыларды спорттық іс-шараларға қатыстыру кезінде тасымалдау мүмкіндігін қарастыру, ол үшін инватаксимен қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті. Қала әкімі айтылған ұсыныс-пікірлерді тыңдап, олардың шешілу жолдары бойынша жұмыс жасалатындығын айтты.

– Әлі де алынатын қосымша қажет құрал-жабдықтар бар. Бұл мәселе де өз шешімін табады. Біз өз тарапымыздан өзгелерге үлгі көрсетіп жүрген спортшыларға көбірек көңіл бөліп, қолдау танытуымыз керек, - деді Нұржан Сәбитұлы.

Спорттық үйірмелерде 1 500-ге жуық қала тұрғыны спортпен шұғылданады.

# СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ САРБАЗЫ

Ұлы Отан соғысының соңғы сарбазы, Қызылорда шаһарындағы жалғыз майдангер Әбдірахман Бәйтіков ақсақал 100 жасқа толды.

Ғасыр ғұмырдың иесіне сәлем бере барған қала әкімі Нұржан Ахатов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев және қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шәкизат Төребаев жаужүрек жауынгердің өнегелі өмір жолы кейінгі буынға үлгі екенін елеп, қазақы дәстүрмен иығына зерлі шапан жапты. Сонымен қатар қарттарымызды қазынамыз деп құрметтейтін аймақ басшысының арнайы құттықтауын жеткізіп, 1 миллион теңгенің сертификатын табыстады. Қарт майдангер өз кезегінде сый-құрметке разылығын білдіріп, егемен елімізде ендігі жерде сұрапыл соғыс болмай, бейбіт өмір береке-бірлік әкелсін деп ақ батасын берді.




Рух пен намыстың, батырлықтың белгісіндей болған Әбдірахман Бәйтіков 1924 жылдың 27 қарашасында Қызылорда қаласында дүниеге келген. 1930-1934 жылдары Өзбекстанның «Кооператор» колхозында жеті жылдық мектепте білім алып, 1942 жылы Қызылорда қаласындағы мұғалімдер техникумына түскенімен, оқуы біттестен әскер қатарына шақырылған.

Ол 1942 жылдың аяғында Түркменстанның Ашхабад қаласында кіші командирлер дайындайтын курсқа жіберілді. Алайда, соғыс жағдайы оны аяқтауға мұрша бермеді. Бар-жоғы 18 жастағы жігіт Курск, Орел қаласының Курск доғасы ПТР бөлімінде жаяу әскер қатарында оқ пен оттың арасында Отан үшін жанқиярлықтың ерен үлгісін көрсете білді. 1943 жылдың тамыз айының аяғында Курск доғасында ауыр жарақат алып, 1944 жылы 20 жасында ІІ-ші топ мүгедегі болып елге оралды.

Соғыстағы ерлігі үшін Совет Одағының маршалы Г. Жуковтың ІІ дәрежелі және мерекелік бірнеше медальмен марапатталған. Соғыстан кейін «Комсомол» совхозында отыз жылдай қой фермасында, колхоз кеңсесінде есепші болып, 1985 жылы еңбек зейнетіне шыққан.

Әбдірахман ақсақал марқұм жұбайы Абуова Кеңескүл екеуі 9 бала өсіріп, олардың жоғары білім алуына қажетті жағдай жасады. Бүгінде перзенттерінен 30 немере, 6 шөбере сүйіп отыр. Жеңісті жақындату жолында жан аямай шайқасып, бейбіт күнде ел берекесін қаласқан майдангер үлкен шаңырақтың бақ айналып қонар қасиетті тұғыры, берекесі мен ұстыны, ақылгөйі мен тілеуқоры.

# АХАТОВ НӘЛІБАЕВ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУДА

Облыс әкімі Н.Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес бір апта бұрын Қызылорда шаһары басшысы Нұржан Ахатов қала іргесіндегі «Ягодка» және «Пищевик» саяжайларының тұрғындарымен кездескен болатын. Онда басты көшелерге тас төсеу, аялдама мен жарық бағаналарын орнату, тал бұтақтарын кесу және жол белгілерін орнату мәселелері көтерілген еді. Қала әкімі саяжай мәселесі салғырт қарауға болмайтынын, оны алдағы он күн ішінде орындау қажеттігін жауапты сала басшыларына жүктеді.



Қазір қос саяжайда қызу жұмыстар жүргізілуде. Өңірдегі ірі жол салушы мекеме «УАД» ЖШС-нің демеушілігімен ұзындығы екі шақырым болатын негізгі көшеге тас төсеу жұмыстары басталып кетті. Ал, қаланың коммуналдық мекемелері тазалық жұмыстарын ұйымдастырып, ағаштарды балақтап, жарық бағаналары мен үш аялдама орнатты.

Келер жылы Қызылорда қаласының Бас жоспары қайта бекітіледі. Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, бас жоспарға қала аумағындағы саяжайлар енгізіледі. Заңды мәртебесін иеленетін саяжайларға инфрақұрылым жүргізілетін болады.

# ОТБАСЫ ЖАНЖАЛЫ АЗАЙМАЙ ТҰР

Қызылорда қаласы әкімдігінің баспасөз орталығында отбасын қолдау орталығының директоры Гүлнар Сексенбаева, қалалық полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімі әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторлары Еркебала Артықбаева және Айгерім Ерболатқызының қатысуымен баспасөз конференциясы өтті.

Елімізде «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» халықаралық акциясы басталған болатын. Науқан жыл сайын 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында өткізіліп келеді. Акцияның мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру.

Осы бағытта қала әкімдігі жанынан ақпараттық-насихаттық топ қалаға қарасты кент және ауылдық округтерінде болып, тұрғындар арасында профилактикалық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде.

Сандық мәліметтерге жүгінетін болсақ, жыл басынан бері Қызылорда қалалық полиция басқармасына «102» арнасы арқылы «Отбасында жанжалы болып жатыр» деген 2500-ге жуық хабарлама келіп түскен. Хабарламалар бойынша заң аясында тиісті шаралар қабылданды.

Айта кету керек, бұған дейін ұрып-соғу мен денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтірген дерегі бойынша ҚР ӘҚБтК-нің 73-2-бабы, 73-1-бабы бойынша әкімшілік хаттама рәсімделсе, жаңа өзгерісте 2024 жылдың маусым айының 16-нан бастап ұрып-соғу және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру криминализацияланды.




Жоғарыда көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты әйелдерге қарсы жасалған 71 қылмыс дерегі орын алып, көрсеткіштің көлемі артқан.

# ЖӘРМЕҢКЕ – ҮКІМЕТ ТАПСЫРМАСЫ

Біреу білер, біреу білмес, алайда биылғы жылдың қыркүйек айынан орта шенінде Үкіметте вице-премьер Серік Жұманғариннің төрағалығымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру мәселелері бойынша кеңес өтті.

Ресми ақпарат бойынша Сауда және интеграция министрлігі Қазақстанда жәрмеңкелер мен республикалық көрмелер өткізу стандарттарын әзірлеп, бекітті.

Жәрмеңкелердің бес түрі анықталды: маусымдық, онда мектеп керек-жарақтары, көмір, шөп және тағы басқа науқандық сауда тақырыптық – отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында; ауыл шаруашылық – аграрлық өнімді халыққа қолжетімді бағамен сату үшін; бірнеше өңірдің қатысуымен мерекелік және аймақтық мамандандырылған көрмелер болып бөлінеді.

Әрбір жәрмеңке түріне арналған күнтізбелік кесте және өткізу мерзімі белгіленген. Мысалы, ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері аудандарда екі аптада бір реттен кем емес, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда аптасына бір реттен кем емес өткізілуі тиіс. Елордада жәрмеңкелер маусымнан қарашаға дейін өтуі керек. Ұйымдастыру процесі цифрландырылуы қажет, сондықтан барлық ниет білдірушілер онлайн қатысып, өтініш бере алады. Ауыл шаруашылығы, мерекелік және маусымдық жәрмеңкелердегі бағалар нарықтық бағадан төмен белгіленеді деп, ереже де қабылданған.

Осы ретте күз айы Қызылорда қаласында аптасына бір рет ауылшаруашылық өнімдері жәрмеңкесі өтуде. Өткен аптаның жексенбісінде қаланың екі аймағында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті.

Жалағаш ауданының шаруалары 45 жүк көлігімен 150 тонна ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізді. Атап айтқанда, 40 тонна күріш, 3 тоннадан астам ет пен балық өнімдері, 1 тоннадан астам сүт өнімдері, 40 тонна картоп, 10 тонна сәбіз, 20 тонна пияз, 10 тонна асқабақ, 12 тонна көкөніс, 4 тонна қызылша базар нарығынан 15-20 пайыз арзан бағада босатылды.

Бұдан бөлек С.Торайғыров көшесінің бойында Арал ауданының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қатысуымен тағы бір жәрмеңке өтті. Аралдық шаруалар 30 тоннадан астам азық-түлікті қалалықтарға арзан бағада ұсынды.



# 2024-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТЫҚ БЮДЖЕТ

2024-2026 жылдарға арналған азаматтық бюджеті ұсынылады.

Аталған құжат келесі бөлімдерден тұрады:

- Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері;

- Қызылордақаласы бюджетінің түсімдері мен шығыстары;

Қызылорда қаласының «2024–2026 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы» Қызылорда қалалық мәслихаты сессиясының 2023 жылғы 20 желтоқсандағы №85-11/2 шешімімен (Қызылорда қалалық мәслихатының 2024 жылғы 14 ақпандағы №116-15/1 шешімімен нақтыланған), (Қызылорда қалалық мәслихатының 2024 жылғы 10сәуірдегі №138-18/1 шешімімен нақтыланған), (Қызылорда қалалық мәслихатының 2024 жылғы 31 мамырдағы №157-21/1 шешімімен нақтыланған), (Қызылорда қалалық мәслихатының 2024 жылғы 31 шілдедегі №173-23/1 шешімімен нақтыланған) бекітілген және (Қызылорда қалалық мәслихатының 2024 жылғы 01 қарашадағы №198-28/1 шешімімен нақтыланған) бекітілген.

**2024-2026 жылдарға арналған Қызылорда қаласы деңгейіндегі азаматтық бюджет.** (нақтыланған бюджет 01.11.2024 ж.)

### I. 2025-2029 жылдарға арналған Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2018 жылғы 6 ақпандағы №39 бұйрығына сәйкес Қызылорда қаласының 2025-2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының I кезеңі әзірленді.

Аймақтың экономикалық саясатының негізгі бағыты инфрақұрылымды дамыту және индустрияландыру арқылы экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ету болып табылады.

Экономикалық өсудің мақсатты параметрлеріне инвестициялық белсенділік есебінен қол жеткізіледі. Бұл өз кезегінде технологиялық модернизациялауды белсенді жүргізуге мүмкіндік беретін негізгі капиталдың шоғырлануының артуы есебінен қамтамасыз етіледі.

| Көрсеткіштер | 2024 ж. бағалау | Болжам | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2025 ж. | 2026 ж. | 2027 ж. | 2028 ж. | 2029 ж. |
| Өнеркәсіп өнімдерінің көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге % | 92,5 | 93,1 | 93,7 | 94 | 94,8 | 95,3 |
| Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлер қазу көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге % | 90,7 | 91,2 | 91,7 | 92,2 | 92,7 | 93,2 |
| Өңдеуші өнеркәсібінің көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге % | 106,1 | 106,3 | 107,1 | 107,5 | 107,9 | 108,3 |

**2024 жылғы бағалау**




Өнеркәсіп өнімдерінің көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге %
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлер қазу көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге %
Өңдеуші өнеркәсібінің көлемі, өткен жылғы тиісті кезеңге %

***2025-2029 жылдар аралығындағы Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері***

| Көрсеткіштер | *2024 жыл бағалау* | *2025 жыл* Болжам | *2026 жыл* | *2027 жыл* | *2028 жыл* | *2029 жыл* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Әлеуметтік сала көрсеткіштері | | | | | | |
| Тұрғындар саны, мың адам | 363,3 | 370,0 | 376,8 | 383,5 | 390,6 | 397,8 |
| Ең төменгі күнкөріс деңгейі | 43 407 | 46 228 | 48 771 | 51 210 | 53 771 | 56 460 |
| Айлық есептік көрсеткіш, теңге | 3 692 | 3 932 | 4 148 | 4 355 | 4 573 | 4 802 |

### Қала бюджетінің түсімдері мен шығындары

**Түсімдер**

2024-2026 жылдарға арналған қалалық бюджет түсімдерінің болжамы бюджеттің түсімдерін болжамдау Әдісімен, қаланың әлеуметтік экономикалық даму болжамындағы макроэкономикалық көрсеткіштер негізінде, Қазақстан Республикасының Салық, Бюджет кодекстеріне және басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жоспарланған.

Салықтық түсімдерінің ең үлкен мөлшерін төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы, әлеуметтік салық және корпоративтік табыс салығы құрайды.

Үш жылдық кезеңге қалалық бюджеттің жоғары тұрған деңгейдегі бюджетпен қатынасы жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша нормативтік аударымдар бөліну арқылы реттеледі.

Қалалық бюджетке түсетін жеке табыс салығы бойынша 10,0 пайыз, әлеуметтік салық бойынша 10,0 пайыз болып белгіленді, тиісінше облыстық бюджетке 90,0 пайыз.

2024-2026 жылдарға қалалық бюджет кірістерін болжамдау кезінде 2023 жылда бюджет кірістерінің орындалуы, 2024 жылынақты түскен түсімдерге байланысты күтілетін болжамның бағалануы және уәкілетті органдардың мәліметтері ескерілді.

2024-2026 жылдарға арналған қалалық бюджеттің кірістері (трансферттерді есепке алмағанда) төмендегідей көлемде белгіленуде:

2024 жылға –30111 100,1 мың теңге;
2025 жылға –15 848534 мың теңге;
2026 жылға –14 315816 мың теңге.

**2024-2026 жылдарға арналған қала бюджетінің негізгі параметрлері**

*мың. теңге*

| | | | |
|---|---|---|---|
| **1. Кірістер, оның ішінде:** | **80 070 943,5** | **25 930 060,0** | **14 315 816,0** |
| Салықтық түсімдер | 20 190 746,1 | 13 323 299,0 | 13 267 596,0 |
| Салықтық емес түсімдер | 392 983,0 | 489 237,0 | 513 698,0 |
| Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 9 527 271,9 | 2 035 998,0 | 534 522,0 |
| Трансферттердің түсімдері | 49 959 942,5 | 10 081 526,0 | |
| **2. Шығындар** | **96 723 199,5** | **24 403 131,0** | **14 315 816,0** |
| **3. Таза бюджеттік кредиттеу** | **1 298 905,5** | **0** | **0** |
| Бюджеттік кредиттер | 2 451 162,0 | **0** | **0** |
| Бюджеттік кредиттерді өтеу | 1 152 256,5 | **0** | **0** |
| **4. Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо** | **2 451 475,0** | **0** | **0** |
| Қаржы активтерін сатып алу | 2 451 475,0 | **0** | **0** |
| Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | - | **0** | **0** |
| **5. Бюджет тапшылығы (профициті)** | -20 616 106,6 | **0** | **0** |
| **6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)** | 20 402 636,5 | **0** | **0** |
| Қарыздар түсімі | 21 206 463,0 | **0** | **0** |
| Қарыздарды өтеу | 8 775 431,9 | **0** | **0** |
| **Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары** | **7 971 605,4** | **0** | **0** |

**Қала бюджетінің шығындары**

2024-2026 жылдарға арналған қалалық бюджет жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы және Қызылорда қаласының экономикалық даму жоспарын жалғастыруға және «Ұлттық жобаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген 10 ұлттық жобаны іске асыруға бағытталған.

*мың. теңге*

| **Шығындар** | **96 723 199,5** | **24 403 131,0** | **14 315 816,0** |
|---|---|---|---|
| Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 4 530 711,4 | 925 708,0 | 936 225,0 |
| Қорғаныс | 26 062,0 | 33 457,0 | 33 786,00 |
| Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 266 726,8 | 201 123,0 | 209 377,0 |
| Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 7 982 459,4 | 6 876 209,0 | 4 543 233,0 |
| Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық | 49 385 007,2 | 3 783 233,0 | 3 970 129,0 |
| Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 1 516 572,3 | 1 421 951,0 | 1 447 196,0 |
| Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 2 132 064,6 | 0,0 | 0,0 |
| Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 211 959,0 | 212 423,0 | 217 858,0 |
| Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 307 941,5 | 169 845,0 | 171 821,0 |
| Көлік және коммуникация | 19 746 783,3 | 584 107,0 | 613 312,0 |
| Басқалар | 857 196,0 | 162 755,0 | 1 013 560,0 |
| Борышқа қызмет көрсету | 461 037,0 | 337 442,0 | |
| Трансферттер | 9 298 679,0 | 9 694 878,0 | 1 159 319,0 |
| Қарыздарды өтеу | 8 775 431,9 | 1 526 929,0 | 0,0 |

Қала бюджетінің шығындарында облыстық және республикалық бюджеттен бөлінген мақсатты трансферт енгізілген.

Мақсатты трансферттер ағымдағы нысаналы трансферттер және нысаналы даму трансферттеріне бөлінеді.

**Ағымдағы нысаналы трансферттер**. Жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық көлемінің қолданылуы кезеңінде республикалық немесе облыстық бюджеттерде бекітілген сома шегінде: жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге беретін, жергілікті бюджеттер шығыстарының ұлғаюына және (немесе) кірістерінің азаюына әкеп соғатын, заңнамалық актілерді, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыстың өкілді және атқарушы органдарының, актілерін қабылдаудан туындайтын төмен тұрған бюджеттердің шығындарын өтеуге бағытталған.

2024 жылға ағымдағы нысаналы трансферттер сомасы – 17 919858,2 мың теңге.

**Нысаналы даму трансферттер** жоғары тұрған бюджеттер төмен тұрған бюджеттерге жергілікті бюджеттік даму бағдарламаларын іске асыру үшін республикалық немесе жергілікті бюджетте бекітілген сомалар шегінде беретін трансферттер нысаналы даму трансферттері болып табылады.

2024 жылға нысаналы даму трансферттер сомасы – 22 956 582,1 мың теңге.

2024 жылға **Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан** инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға, жайластыруға 2 301 493,0 мың теңге, қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамытуға 1 135 065,0 мың теңге, сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға 642 058,0 мың теңге.

**Әлеуметтік сала**

**Әлеуметтік саланың шығыстары 2 функционалдық топтан тұрады:**

1. *Әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыру*
2. *Мәдениет, спорт және ақпараттық кеңістік*

Әлеуметтік салада негізгі бағыттардың бірі азаматтардың әл-аухатын көтеру үшін алдын ала қабылданған әлеуметтік міндеттемелерді орындау болып табылады.

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мақсатында мемлекет тарапынан жан жақты көмек көрсетілуде.

**2024 жылға қаралған қаржы**

*млн. тенге*




Әлеуметтік көмек
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік



**Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру шығыстары**

Әлеуметтік саланың негізгі басымдығы аймақ азаматтарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелерін орындау болып табылады.

*мың.теңге*

| Атауы | 2024 жыл | 2025 жыл | 2026 жыл |
|---|---|---|---|
| **Барлық шығындар:** | **7 672 624,9** | **13 812 978,0** | **15 025 313,0** |
| Әлеуметтік қамсыздандыру | 2 742 384,0 | 2 857 422,0 | 2 970 448,0 |
| Әлеуметтік көмек | 3 152 822,6 | 10 053 200,0 | 11 121 704,0 |
| Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер | 1 777 418,3 | 902 356,0 | 933 161,0 |

Сонымен қатар, төмендегі қосымша шығындар ескерілді:

**Ағымдағы нысаналы трансферттер:**

*"Spina Bifida" диагнозы бар мүгедектігі бар адамдарды бір реттік қолданылатын майланған катетерлермен қамтамасыз ету;*

*Өңірге қажетті мамандықтар бойынша әлеуметтік тұрғыдан халықтың осал тобы қатарынан білім алушы студенттерге әлеуметтік көмек;*

*Санаторлы-курорттық емделу қызметін алатын мүгедектігі бар адамдарға ілесіп жүрушілердің шығындарын өтеу үшін әлеуметтік көмек;*

*Мүгедекті бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға.*



**Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру шығыстары**

мың теңге

| Атауы | 2024 жыл | 2025 жыл | 2026 жыл |
|---|---|---|---|
| **Барлық шығындар:** | **1 556 051,5** | **1 210 194,0** | **1 350 768,0** |
| Мәдениет саласындағы қызмет | 579 682,0 | 425 807,0 | 488 364,0 |
| Спорт | 216 500,2 | 268 604,0 | 291 074,0 |
| Ақпараттық кеңістік | 402 726,6 | 357 081,0 | 400 311,0 |
| Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге қызметтер | 357 142,7 | 158 702,0 | 171 019,0 |

Сонымен қатар, төмендегі қосымша шығындар ескерілді:

**Ағымдағы нысаналы трансферттер:**

*Облыс тұрғындары арасында діни ағартушылық жұмыстарын жүргізу әлеуметтік жобасын іске асыру; Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі жанынан құрылған Жастар театрын ұстап тұру шығындары; С.Майқановаға атындағы мәдениет үйі жанынан ашылған мүмкіндігі шектеулі жандардан құралған мәдени көпшілік жұмыстарын ұйымдастыру бөлімін ұстап тұру шығындары және 2 спектакль қойылымы.*

**Коммуналдық және құрылыс саласының шығыстары**

1. Тұрғын үй шаруашылығы
2. Көлік және коммуникация
3. Құрылыс саласы

млн. теңге




Тұрғын үй шаруашылығы   Көлік және коммуникация   Құрылыс саласы



## Тұрғын үй шаруашылығы, көлік және коммуникация саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру шығыстары

*мың теңге*

| Атауы | 2024 жыл | 2025 жыл | 2026 жыл |
|---|---|---|---|
| **Барлықшығындар:** | **40 460 512,6** | **4 263 842,0** | **4 414 827,0** |
| Тұрғынүйшаруашылығы | 20 713 729,3 | 3 728 199,0 | 3 860 437,0 |
| Көлікжәне коммуникация | 19 746 783,3 | 535 643,0 | 554 390,0 |

Сонымен қатар, төмендегі қосымша шығындар ескерілді:

**Ағымдағы нысаналы трансферттер:**

**Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне «Ауыл -Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға, оның ішінде:**

Қызылжарма ауылдық округі, Қызылжарма ауылында Жахаев көшесін күрделі жөндеу;

Қызылжарма ауылдық округіндегі Н. Ильясов көшесін күрделі жөндеу;

Қызылжарма ауылдық округіндегі Нұргелдиев көшесін күрделі жөндеу;

Қызылжарма ауылдық округіндегі 2-ші тұрғын ауданындағы №61 көшесін күрделі жөндеу;

Қызылжарма ауылдық округіндегі 2-ші тұрғын ауданындағы №13 көшесін күрделі жөндеу.

Қызылорда қаласындағы Мерей шағын ауданы №15, Мерей шағын ауданы №18Б, Ақмешіт шағын ауданы №16, Ақмешіт шағын ауданы №17, Д.Қонаев көшесі №24, 3-ірілендірілген квартал №1А, 3-ірілендірілген квартал №5, 3-ірілендірілген квартал №6, 3-ірілендірілген квартал №7, Яншин көшесі №1, Мерей шағын ауданы №1, М.Әуезов көшесі №1, Қыдыров көшесі №2, Шұғыла шағын ауданы №4, Шұғыла шағын ауданы №5, Шұғыла шағын ауданы №24 тұрғын үйлердің қасбеттерін күрделі жөндеу;

Қызылорда қаласындағы Әйтеке би көшесі №5, Төле би көшесі №114, №139, Торайғыров көшесі №55, Сырдария шағын ауданы №19, Титов шағын ауданы №28, №30, №31, Мүсірепов көшесі №20, Сол жағалау шағын ауданы №28 мекенжайындағы көппәтерлі тұрғын үйлердің балалар ойын алаңдарын күрделі жөндеу;

Қызылорда қаласы Әйтеке би көшесі №5, Қазантаев көшесі №31, Айтбаев көшесі №29, Төле би көшесі №114, №137А, №141, №145, №136А, №138Б, Шұғыла шағын ауданы №6, Титов шағын ауданы №28, №31№ Сырдария шағын ауданы №1, №2, №3, №4, №5, №6, №14А мекенжайындағы көппәтерлі тұрғын үйлерді абаттандыру;

Қызылорда қаласындағы көп қабатты үйлерді абаттандыру;

Қызылорда қаласындағы Абай даңғылы №34, Абай даңғылы №28»А», Тоқмағамбетов көшесі №3, Тоқмағамбетов көшесі №18 мекенжайлар бойынша тұрғын үйдің қасбетіне күрделі жөндеу жүргізу;

Қызылорда қаласындағы А.Байтұрсынов көшесі №44, А.Байтұрсынов көшесі №42, А.Байтұрсынов көшесі №40, Д.Қонаев көшесі №24 мекенжайлар бойынша тұрғын үйдің қасбетіне күрделі жөндеуге жүргізу;

Қызылорда қаласындағы А.Тоқмағамбетов көшесі №25, Қазыбек би көшесі №22, Қазыбек би көшесі №24, Қазыбек би көшесі №43 мекенжайлар бойынша тұрғын үйдің қасбетіне күрделі жөндеу жүргізу;

Қызылорда қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи көшесі №24 «А», Қожа Ахмет Яссауи көшесі №24 «Б», Қожа Ахмет Яссауи көшесі №44, Қожа Ахмет Яссауи көшесі №45 мекенжайлар бойынша тұрғын үйдің қасбетіне күрделі жөндеу жүргізу;

Қызылорда қаласындағы 4 көппәтерлі тұрғын үйдің ауласын күрделі жөндеу.

**Нысаналы даму трансферттері:**

**Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту, оның ішінде:**

Қызылорда қаласы, Қарауылтөбе ауылдық округіндегі жаңа қоныс аумағының 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10,11,12 көшелеріне жаяу жүргіншілер жолының құрылысы;

Қызылорда қаласы, Қызылөзек ауылдық округі, Қараөзек бекеті елді мекеніндегі тұрғын үйлер секторының инженерліккоммуникациялық инфрақұрылымын салу (көше-жол желісі) Қараөзек бекеті-4 көшесі, ұзындығы 1,0 шақырым;

Қызылөзек ауылдық округі, Қараөзек елді мекеніндегі тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу (көше-жол желісі) А. Құнанбаев көшесі ұзындығы 0,79 км;

Қызылорда қаласы, Ақжарма ауылдық округі, Баймұрат батыр ауылындағы жаңадан қалыптасқан көшелерге тас жол салу;

Қызылорда қаласы, Қызылөзек ауылдық округі, Қараөзек елді мекеніндегі тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу (көше-жол желісі) М.Жабағыұлы тұйығы, ұзындығы 1,4 км;

Қызылорда қаласы Ақсуат а.о. А. Найзагараев, П. Тлепбаев, Б. Жусупбеков, Канал-2 көшелерінің автомобиль жолдарын қайта жаңғырту;

Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі Ж,Махамбетов ауылы Байтен және С.Стамбеков көшелеріне асфальт көше құрылысы;

Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округіне қарасты жаңа қоныс аумағының инженерлік инфрақұрылымы құрылсы. Электр желісі;

Қызылорда қаласы, Қосшыңырау ауылдық округіне қарасты Досан елді мекеніндегі жаңа қоныс аумағының инженерлік инфрақұрылысы. Электр желісі құрылысы;

Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылдық округі, Қызылжарма ауылында электр желілерінің құрылысы;

Қызылорда қаласы Қызылөзек ауылдық округіне қарасты Қараөзек ауылы, Қараөзек бекеті, Айнакөл ауылдарына электр тарату желілерін қайта жаңғырту.

**Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту, оның ішінде:**

Қызылорда қаласы көшелерінің көше жарығының құрылысы;

«Қызылорда қаласындағы Әйтеке би көшесін Желтоқсан көшесінен А.Байтұрсынов көшесіне дейін және Ы.Жақаев көшесін Әйтеке би көшесінен Қорқыт Ата көшесіне дейін абаттандыру»;

«Қызылорда қаласындағы Сұлтан Бейбарыс, Желтоқсан көшелері мен Абай даңғылына жаяу жүргіншілер жолдарын салу»;

Қаланы абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына сонымен қатар «Жайна» сауда үйінің аумағында Қазыбек би көшесіндегі жаяу жүргінші көпірін күтіп ұстауға 2 481 мың теңге және Абай даңғылы Болашақ университеті аумағындағы жаяу жүргінші көпірін күтіп ұстауға 2 481 мың теңге, Жібек жолы көшесімен Ділманов көшесінің қиылысында жаяу жүргінші көпірін күтіп ұстауға 2 481 мың теңге, қалаға қарасты көше жиегіндегі және көпқабатты үйлер ауласындағы бордюрлерді жөндеуге және ауыстыруға 23 805 мың теңге қаржы қаралуда;

Облыстық бюджеттен жалпы сипаттағы трансферт есебінен 2024 жылға Қызылжарма және Жібек жолы каналдарын күтіп ұстауға;

«Халықтың қатысу бюджетін» іске асыруға;

«Жасыл Қызылорда» КММ-і ашылуына байланысты гүлдер, талдар, тыңайтқыштар, құрал жабдықтар сатып алуға;

Қызылорда қаласындағы жаяу жүргіншілер жолдарын салу;

Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылын абаттандыру;

Қызылорда қаласы Қожа Ахмет Яссауи көшесін Ә.Бокейхан көшесінен Әйтеке би көшесіне дейін қайта жаңғырту (Қожа Ахмет Яссауи көшесі бойын көгалдандыру және абаттандыру;

Қызылорда қаласы, Тасбөгет кентінің көшелеріне жаяу жүргіншілер жолдарын орнату.

**Қызылорда қаласы, Белкөл кентіндегі Бірлік және Путейцова көшелеріне көше жарығын орнату;**

**көлік инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде:**

Қызылорда қаласы Қожа Ахмет Яссауи көшесін Ә.Бөкейхан көшесінен Әйтеке би көшесіне дейін қайта жаңғырту;

Қызылорда қаласы Нұрсұлтан Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылына дейінгі көше құрылысы;

Қызылорда қаласындағы «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылы бойынша «Қызылжарма» каналы арқылы автожол көпірін салу;

Қызылорда қаласындағы Е.Көшербаев көшесін С.Бейбарыс көшесінен Бөкейхан көшесіне дейінгі автомобил жолын қайта жаңғырту;

Қызылорда қаласының көшелеріне қиыршық тас жол құрылысы (15 көше);

Қызылорда қаласы, Есенов көшесі Желтоқсан көшесінен Абай даңғылына дейін, Әубәкіров көшесі Шүкіров көшесінен Н. Назарбаев даңғылына дейі, А.Иманов көшесі Қорқыт ата көшесінен Астана даңғылына дейін, Төреқұлов көшесі Әйтеке би көшесінен Төле би көшесіне дейін, Әйтеке би көшесін Байтұрсынов көшесінен Яссауи көшесіне дейін орташа жөндеу (6,355 км);

Қызылорда қаласы, С. Торайғыров көшесі Қорқыт ата көшесінен Артемов көшесіне дейін, Донской көшесі Наурыз көшесінен Қайнар көшесіне дейін, Сүтемгенов көшесі Донской көшесінен Торайғыров көшесіне дейін, Артемов көшесі Тәуелсіздікке 20 жыл көшесінен соңына дейін, Б. Қайыпұлы көшесі Есет батыр көшесінен соңына дейін орташа жөндеу (4,083 км);

Қызылорда қаласы, Лапин көшесі Құлтекенов көшесінен Қайнар көшесіне дейін, Бөрікұлақов көшесі Құлтекенов көшесінен Мин көшесіне дейін, Дүйсенов көшесі Құлтекенов көшесінен Бостандық көшесіне дейін, Бейбітшілік тұйығы Лапин көшесінен соңына дейін, Ш.Құдайбердіұлы көшесі Жанқожа батыр көшесінен соңына дейін орташа жөндеу (8 км);

Қызылорда қаласы, Тайманов көшесі Жанқожа батыр көшесінен Бейбітшілік көшесіне дейін, Дәстүр көшесі Қайнарбаев көшесінен көпірге дейін, Жанкент көшесі Данабаев көшесіннн Жетікөл көшесіне дейін, Қайнарбаев тұйығы Хон Бен До көшесінен Қайнарбаев көшесіне дейін, Қыдыров көшесі Саламатов көшесінен Қонаев көшесіне дейін орташа жол жөндеу (6,9 км);

Қызылорда қаласы, Қасымхан көшесі Мүсілімұлы көшесінен С.Бейбарыс көшесіне дейін, Хорасан ата көшесі Мүсілімұлы көшесінен Сырдария мөлтек ауданына дейін, Бисариев көшесі С. Бейбарыс көшесінен Түркістан көшесіне дейін, Керейтбаев көшесі Нұрымов көшесінен Қойсары батыр көшесіне дейін, Б. Уалиев көшесі М. Шоқай көшесінен жедел жәрдем станциясына дейін орташа жөндеу (6,9 км);

Қызылорда қаласы, Қазақстан көшесі Ж. Баласағұн көшесінен Махамбетов түйығына дейін, Кенесары көшесі Қорқыт ата көшесінен Қажымұқан көшесіне дейін, Қызылорда көшесі Елеусінов көшесінен Бостандық көшесіне дейін, Майлин көшесі Хон Бен До көшесінен Қорқыт ата көшесіне дейін, С. Мұқанов көшесі Бекниязов көшесінен соңына дейін орташа жөндеу (10,196 км);

Қызылорда қаласы, Жанқожа батыр көшесі Жібек жолы СҮ-нен Байтұрсынов көшесіне дейін, Пушкин көшесі Қорқыт ата көшесінен соңына дейін, Толыбеков көшесі Желтоқсан көшесін Қонаев көшесіне дейін, Нұрмақов көшесі Қараманов көшесінен Журба көшесіне дейін, Берденов көшесі Қонаев тұйығынан Сүлейменов көшесіне дейін орташа жөндеу (3,8 км);

«Қызылорда су жүйесі» ШЖҚ МКК жарғылық капиталын ұлғайту үшін сумен жабдықтау және су бұру объектілері бойынша арнайы техника сатып алу;

Арнайы техника мен жабдықтар сатып алуға «Қызылорда тазалығы» ШЖҚ МКК-ның жарғылық капиталын ұлғайту;

Электравтомобильдерін сатып алу үшін «Қызылорда Автобус Паркі» ЖШС жарғылық капиталын ұлғайту;

Қызылорда қаласындағы Ақсуат ауылдық округіндегі М.Дүйсенбаев, Т.Ақмырзаев, Қаратабан, Ө.Құлманов, С.Байқадамов (№43) көшелерінің құрылысы;

Қызылорда қаласы Қожа Ахмет Яссауи көшесін Ә.Бөкейхан көшесінен Әйтеке би көшесіне дейін қайта жаңғырту.

**Газ тасымалдау жүйесін дамыту, оның ішінде:**

Ақжарма ауылдық округіне қарасты Баймұрат батыр, Талдыарал елді мекендері және Төрттам учаскесіне газ құбырын жүргізу.

**Кредит:**

Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру, оның ішінде:

«Қызылорда қаласындағы Шұғыла шағын мөлтек ауданындағы №24 А көпқабатты тұрғын үйді қайта жаңғырту»;

Қызылорда қаласындағы Шұғыла шағын ауданындағы №30 көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласындағы Жетікөл көшесіндегі №30 көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласындағы Шұғыла шағын мөлтек ауданындағы №51 көп қабатты тұрғын үйді қайта жаңғырту;

Қызылорда қаласындағы Абай даңғылы бойындағы №43 көп қабатты тұрғын үйді қайта жаңғырту;

Қызылорда қаласы Шукуров көшесіндегі №31 көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласы Желтоқсан көшесіндегі №6 көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласы Ауезов көшесіндегі №20 көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласы Бөкейхан көшесіндегі №37 көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласы Қорқыт ата көшесіндегі №140 көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласы Шұғыла шағын ауданы №42 көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласы Байсейтова көшесіндегі №102 көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласы Бегім ана көшесіндегі №9 көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласы Бегім ана көшесіндегі №17 көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласы Тәжібаев көшесіндегі №25 көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласы Абай даңғылы мекенжайындағы №41 көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласы Сырдария шағын ауданындағы №11 көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласы Абай даңғылы №51А көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласы Тоқмағанбетов №25 мекенжайындағы көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласы Чайковский №8 мекен жайындағы көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Қызылорда қаласы Қорқыт ата №3А көп қабатты тұрғын үйді жаңғырту;

Алдын ала және аралық тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Отбасы банк» тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ға бюджеттік кредит беру;

